

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің орнының сақталуы және оларды шығару тәртібі бойынша Қызметтің типтік ережелерінің 15 және 16-тармақтарының сақталуы

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі» КММ жанындағы шағын орталықта тәрбиеленушілер үшін келесі жағдайларда орын сақталады:

1. Тәрбиеленушінің емделуіне, сауықтырылуына, түзету немесе оңалту шараларынан өтуіне байланысты денсаулық сақтау ұйымдары мен өзге де мекемелерде болуына (тиісті анықтама немесе қорытынды ұсынылған жағдайда);
2. Ата-анасының (немесе заңды өкілінің) жазбаша өтініші негізінде баланың демалысы немесе сауықтыру мақсатында жылына екі айға дейін берілген кезеңге;
3. Төтенше жағдайлар (әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы), сондай-ақ елді мекенде карантин енгізілген кезендерге.

Шағын орталықтан тәрбиеленушілерді шығару (отчисление) келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1. Тәрбиеленуші бір айдан астам уақыт себепсіз, әкімшілікке немесе тәрбиешілерге ескерту жасамай келмеген жағдайда;
2. Медициналық қарсы көрсетілімдер болғанда, яғни баланың шағын орталықта болуына дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде тыйым салынған жағдайда.

Мектеп директоры



Н.Ахатов